

2012 жылға арналған Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 42 сессиясының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы N 42/502 шешімі. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 қаңтарда N 8-9-121 тіркелді. Шешім қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады - (Абай аудандық мәслихатының хатшысының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 3-19-240 хаты)

Ескерту. Шешім қабылданған мерзімінің өтуіне байланысты өзінің қолданылуын тоқтатады - (Абай аудандық мәслихатының хатшысының 18.12.2015 № 3-19-240 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы", 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және Ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес, (одан әрі-Ереже)

Абай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2012 жылы көтерме жәрдемақы өтініш беру кезінде жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомада берілсін.

2. Абай ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2012 жылы тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау - өтініш беру кезінде бір мың бес жүз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, маманмен мәлімделген сомадағы бюджеттік кредит түрінде берілсін.

3. Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі аудандық уәкілетті орган ретінде "Абай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы шешімді жүзеге асыру жөніндегі шараларды бекітілген Ережелерге

с ә й к е с

қ о л д а н с ы н .

4. Күші жойылды деп танылсын:

1) Абай аудандының мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы 34 кезекті сессиясының "2011 жылға арналған Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы" N 34/406 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2011 жылғы 19 сәуірде N 8-9-106 болып тіркелген, "Абай – Ақиқат" аудандық газетінің 2011 жылғы 30 сәуірдегі N 17 (3868) болып жарияланған) ;

2) Абай аудандының мәслихатының 2011 жылғы 6 қыркүйектегі 37 кезекті сессиясының "Абай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 наурыздағы 34 кезекті сессиясының "2011 жылға арналған Абай ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын беру туралы" N 34/406 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" N 37/450 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізіліміне 2011 жылғы 20 қыркүйекте N 8-9-112 болып тіркелген, "Абай – Ақиқат" аудандық газетінің 2011 жылғы 24 қыркүйектегі N 38 (3888) болып жарияланған).

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономикалық және аграрлық реформа, бюджеттік саясат және кәсіпкерлік қызмет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін (Г.Т. Бахраева).

6. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Черепанов

мәслихатының хатшысы

Б. Цай

"КЕЛІСІЛДІ"

"Абай ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"

Б. Муталяпова

мекемесінің бастығы

12.12.2011 ж.